К. Назарбекова выпускница механико-математического факультета КазГУ им. С.М. Кирова. После окончания университета была распределена ассистентом на кафедру вычислительной математики-механики. Ее научным руководителем был выдающийся ученый, академик, математик У.М. Султангазин. Будучи ассистентом, она проходила стажировку и аспирантуру в отделе «Статистического моделирования», в лаборатории «Атмосферной оптики» Вычислительного центра Сибирского отделения Академии наук СССР. В 1986 году успешно защитила диссертацию на тему «Разработка методов Монте-Карло для решения задачи восстановления индикатрисы рассеяния

света в атмосфере» на соискание ученой степени кандидата физико-математических наук под руководством научных руководителей – члена-корреспондента АН СССР, д.ф.-м.н., профессора Г.А. Михайлова и к.ф.-м.н., СНС М.А. Назаралиева.

Ее педагогическая деятельность началась на факультете с ассистента, затем старшего преподавателя и доцента кафедры вычислительной математики, а также математического моделирования и информатики. За время работы она читала и продолжает спецкурсы «Статистическое моделирование» и «Методы Монте-Карло в атмосферной оптике». Ее выступления, лекции и лабораторные занятия по программированию, информатике, информационным технологиям в профессиональной деятельности, численным методам, объектно-ориентированному программированию, анализу и проектированию с большим удовольствием посещают студенты и молодые ученые. Кулзинат Толепбековна руководит дипломными и выпускными

работами, ею изданы и опубликованы более семидесяти научных статей, учебно-методических пособий для студентов. Этот год знаменательный для Кулзинат Назарбековой, она отмечает свой 65-летний юбилей.

Факультет информационных технологий и коллектив кафедры информатики сердечно поздравляет своего коллегу, наставника, педагога с большой буквы, высокопрофессионального специалиста и просто интересного и замечательного человека – Кулзинат Толепбековну Назарбекову с этой знаменательной датой и желает крепкого здоровья, благополучия, долгих лет жизни, успехов и высоких достижений.

Б. УРМАШЕВ,
заведующий кафедрой информатики,

Т. ХАКИМОВА,
доцент

АКАДЕМИК ПЕРСИДСКИЙДІН ТУҒАНЫНА – 115 ЖЫЛ

Ғылыми-техникалық прогресс заманында республика математиктерінің қол жеткізген табыстары айтарлықтай. Дифференциалдық теңдеулер мен функционалдық анализ салаларынан Қазақстан ғалымдары алған нәтижелер еліміз бен шетелдерге әйгілі. Бұл бағыттардың біразынан республика математиктері өлемде алдыңғы қатарда келеді. Бұлай болуына Қазақстан математикалық мектебінің іргетасын қалаушы, академик К. П. Персидскийдің сіңірген еңбегі өте зор. Арамызда жоқ жарқын бейнелі ұстаздың туғанына биыл 115 жыл толып отыр.

Ұстаздың жарқын бейнесі

арасындағы айырманы бағалау қажет болды. Іріктеу теориясындағы бұрыннан белгілі бағалаулармен қанағаттанбай, Константин Петрович дәлдігі жоғары формула қорытып шығарды. Ляпунов пен Чебышевтің теңсіздігін зерттей отырып, іріктеу дисперсиясы ақиқаттық дисперсияға мейлінше жақын болатын кездегі жіберілетін қатенің дәл бағасын берді. Отызға толмаған жас ғалымның ықтималдық теориясынан жазған осы еңбектерін оқығанда, олардағы аналитикалық тұжырымдардың тереңдігіне, автордың математикалық мәдениетінің ерендігіне таң қаласыз. Оның жан-жақты, терең білімді зерттеуші болып қалыптасуы – еліміздің ең ірі ғылыми орталықтарының бірі – В.И. Ульянов-Ленин атындағы Қазан мемлекеттік университетінде әуелі студент және аспирант ретінде дайындықтан өтуінің, ондағы Д.И. Зейлигер, А.П. Котельников, Н.Н. Парфентьев, т.б. сияқты белгілі профессорлардан дәріс алуының, ал кейіннен Н.Г. Четаев басқарған әйгілі семинарға белсене қатысуының нәтижесі. «Атышулы төртеу» – Н.Г. Четаев,

К. Персидский, Г.В. Каменков және И.Г. Малкиндер ұйытқы болған бұл семинарда орыстың ұлы ғалымы, математик және механик А. М. Ляпуновтың іргелі зерттеулері онан әрі дамытылды. Семинарға қатысушыларды қызықтырған мәселелердің негізгілері мыналар болатын: Ляпуновтың негізгі теоремаларын кері айналдыру, бірінші жуықтау бойынша орнықтылық, орнықсыздықтың ең жалпы теоремасы, сипаттаушы сандар мен ауыспалы жағдайлар теориясы. Осы мәселелердің кез келгенін шешу барысында К.П. Персидскийдің ойлап тапқан соны әдістері мен алған кесек нәтижелері кейіннен жүргізілген зерттеулерге арқау болып табылды. Әсіресе, оның орнықтылық туралы Ляпуновтың теоремасын кері бағытта дәлелдеуі орнықтылық теориясының кейінгі дамуына зор әсерін тигізді.

К. Персидскийдің бұл теоремасы Ляпуновтың екінші әдісінің әмбебап және кемелденген әдіс екенін дәлелдеп қоймай, кейіннен жүргізілген Ляпунов функциясы мәселелеріне қатысты зерттеулерге жол ашты. Орнықтылық теориясы бойынша жазған алғашқы жұмыстарының бірінде Константин Петрович бірқалыпты жай және асимптотикалық орнықтылық туралы ұғым енгізіп, бірінші жуықтау бойынша бірқалыпты орнықтылықтың қажетті және жеткілікті белгісін берді. Бұл енгізілген ұғымдар Ляпуновтың өзі енгізген ұғымдар сияқты классикалық ұғымдарға айналды.

К.П. Персидскийдің ғылыми шығармашылығы оның өмірінің, әсіресе, қазақстандық кезеңінде жана қырларынан жарқырай ашылды. Алматыға келе сала математикадан қалалық ғылыми семинар ұйымдастырып, оның жұмысына қабілетті жастарды,

тәжірибелі зерттеушілерді тартты. Ғылымға шөлікке астана жастары үшін бұл семинар ғылыми тәлім алу, өз күштерін сынау мектебі болды. Семинарда кейіннен елімізге белгілі болған дифференциалдық теңдеулер мен орнықтылықтың теориясы саласындағы қазақстандық мектептің іргетасы қаланды.

40-шы жылдардың басында Константин Петрович бұрынғы алынған нәтижелерін тереңдеті әрі кеңіте түсіп, жаңа мәселелерді шешуге кірісті. Сол жылдары ол тұрақты коэффициентті сызықты дифференциалдық жүйелердің сипаттаушы сандарының орнықтылығын дәлелдеді. Бұл теорема мен оны кеңейту бағытында жүргізілген зерттеулердің нәтижесі күні бүгінге дейін актуальдылығын жойған жоқ. Осы бағытта оның еңбектерінің әсерімен Мәскеу, Ленинград, Киев, Минск математиктері де зерттеулермен айналысуды бастады. Оншақты докторлық диссертациялар қорғалынып, Мәскеу мен Минскте сипаттаушы сандар теориясын зерттеудің орталықтары ашылды.

Оның 120-дан астам ғылыми жұмыстарының жартысынан көбі Қазақ ССР Ғылым академиясы хабарлары мен хабаршысында жарияланды. Солардың алғашқылары болып хабарлардың 1947 жылы шыққан математика мен механика сериясының бірінші басылымында жарияланған: «Дифференциалдық теңдеулердің сипаттаушы сандары туралы», «Ляпуновтың екінші әдісіне қосымша» деген іргелі мақалалары табылады. Мақалалардың аттары оны сол кездерде толғандырып жүрген мәселелерді толық сипаттайды. 1951 жылы К.П. Персидский ҚазССР ҒА-ның толық мүшесі болып сайланды.

Ғалымның дифференциалдық теңдеулердің шексіз жүйелер теориясы бойынша қол жеткізген ғылыми жетістіктерінің тереңділігі мен маңыздылығын оның 1950 жылы жарияланған «Дербес туындылы теңдеулердің саналмалы бір жүйесі туралы» деген тамаша зерттеуі әбден айқын сипаттайды. Осы жұмыста қолданылған әдіс пен өзі енгізген «күшейтілген Липшиц шартын» пайдалану негізінде алған оның «қысқартылған жүйелер әдісі» дифференциалдық теңдеулердің саналмалы жүйесі теориясының кейінгі дамуына шешуші әсер етті. Әсіресе, бұл әдістердің ауыспалы жағдайлар теориясында, дербес туындылы бірінші ретті теңдеулердің саналмалы жүйесі теориясын құруда, голоморфты шешімдер теориясында, тағы басқа салаларда атқарған манызы өте зор.

К.П. Персидскийдің ғылыми еңбектерінің таңдамалылары 1976 жылы екі том болып басылып шықты. 1966 жылдың қаңтарында, өзі ашылуына көп еңбек сіңірген, Математика және механика институтының бірінші директоры болып тағайындалды. Оның басқаруымен институт жедел



өркендеп өсті. Қазақ ССР Ғылым академиясы президиумы мен СССР Ғылым академиясының математика бөлімі мақұлдаған ғылыми зерттеулер тақырыптарының кең жүйесі белгіленді. Оншақты зертханалар ашылды, оның бірі – функционалдық кеңістіктердегі дифференциалдық теңдеулер зертханасын Константин Петровичтің өзі өмірінің ақырына дейін басқарды.

Сондай-ақ, К. П. Персидский көптеген қоғамдық және ұйымдастырушылық жұмыстар атқарды. Ол Қазақ ССР Ғылыми академиясы хабарларының механика-математика сериясының тұрақты редакторы, он бес жылдан астам уақыт бойы Ғылыми нәтиже беру жөніндегі ҚазМУ-дің механика-математика факультеті кеңесінің төрағасы, еліміздің ірі ғылыми және оқу орындарының ғалымдары қатысқан республикалық ғылыми конференциялар мен математикалық кеңестердің ұйымдастырушысы болды.

К.П. Персидскийдің жан-жақты қызметін Кеңес үкіметі жоғары бағалады. Ол екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен, 3 рет Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамоталарымен марапатталды, оған «Қазақ ССР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер» атағы берілді.

2003 жылы К.П. Персидскийдің туғанына 100 жыл толуына байланысты «Қазақстандағы алғашқы математикалық ғылыми мектептің іргесін қалаушы» атты (орысша) кітап шығарылды. Механика-математика ғимаратында К. П. Персидскийге арналған стенд ашылды. «Өнегелі өмір» сериясынан оған арналған кітап шығарылды. К. П. Персидскийдің ғылыми еңбектері қазіргі және болашақ математиктердің зерттеулері мен ғылымды дамыту ісіне негіз болады деген сенімдеміз.

Ж. СҮЛЕЙМЕНОВ,
математика профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, МАИ және ҚЛҒА академияларының мүшесі

ОСОБАЯ УСТРЕМЛЕННОСТЬ

Развитие академической мобильности является средством поддержки международного рынка подготовки профессионалов. Главная ее цель – дать студенту возможность получить разностороннее «европейское» образование по выбранному направлению. Так, магистрантка второго курса факультета биологии и биотехнологии КазНУ им. аль-Фараби Карина Матаева проходит обучение по программе «Predictive and Integrative Animal Biology в AgroParisTech» в университете Париж-Саклай (Франция).

Карина Матаева является обладателем стипендии программы мобильности «Абай-Верн». В этом году она планирует успешно окончить университет во Франции и пройти стажировку в одной из лучших лабораторий в Париже. Чтобы добиться успеха и реализовать свою цель, она улучшает свой английский и усиленно изучает французский языки. Карина также постоянно дополняет теоретические и практические навыки по своей специальности.

Она с отличием окончила школу и является одной из лучших студенток в университете. За ее плечами много конкурсов и тренингов. Так, в рамках международной научной конференции студентов и молодых ученых «Фараби әлемі» в 2015 году она стала дипломантом, была награждена дипломом языкового конкурса «Бірлік іргетасы – тіл» за лучшее выразительное чтение. Также в прошлом году вошла в список «Лучший студент кафедры» и топ-500 лучших студентов КазНУ 2016-2017 учебного года.

Для Карины в науке наиболее интересным является направление биофизики и биомедицины. Это относительно новое и очень перспективное направление в биологии, которое вызывает интерес даже у тех, кто совершенно отдален от бионауки. Оно связано с физическими и физико-химическими явлениями, происходящими в живых организмах. После завершения учебы Карина намерена связать свою профессиональную деятельность с научными исследованиями. И те знания, и опыт, которые она получит во время стажировки и обучения во Франции, помогут ей в будущем стать высококонкурентоспособным специалистом и будут способствовать созданию научно-инновационных проектов для человечества.

Н. АБЛАЙХАНОВА,
к.б.н., доцент кафедры
биофизики биомедицины

В 2019 году в столице Казахстана, городе Астане пройдет Всемирный конгресс тюркологов. Инициатива, обозначенная Главой государства Н.Назарбаевым в статье «Семь граней Великой Степи», закономерна в контексте исторической эволюции процесса познания культурного наследия тюркоязычных народов, ряд которых проживает в Центральной Азии.

В преддверии Конгресса преподаватели флагамена высшей школы этого региона – КазНУ им. аль-Фараби активизировали археографические работы по выявлению артефактов, памятников истории, в которых отражены гносеологические представления тюрков, их традиции и лексика. Особенно внимание ученых привлекает до сих пор богатство тюркской лексики.

В ходе целенаправленных поисков установлен факт личного знакомства казаха Мустафы Шокая с известным российским тюркологом А.Н. Самойловичем (1880-1938) и публикации казахских пословиц

Религиоведение – относительно молодая наука. Объектом исследования этой науки является религия – система взглядов на мир, общество и человека, система культовых действий, основным признаком которой является вера в существование сверхъестественного.

Специальность «Религиоведение» есть в ведущих вузах нашей страны, в том числе в КазНУ им. аль-Фараби и других. Я сама обучаюсь на 4 курсе факультета философии и политологии по специальности «Религиоведение». В процессе обучения студенты знакомятся с новыми дисциплинами, изучают историю, эволюцию и феноменологию религий. Мы узнали, что религиоведение тесно связано с психологией, социологией, экономикой и правом. Это дает возможность студентам всесторонне развиваться и находить интересные для себя области исследований. В процессе обучения нас учат мыслить, давать религиоведческий анализ определенных ситуаций. Сложность современной религиозной ситуации требует квалифицированных специалистов в этой области. Религиоведы должны быть экспертами внутри, а не снаружи, не выделяя одну религию, относится ко всем одинаково.

РЕПРЕССИРОВАННАЯ ТЮРКОЛОГИЯ

в сборнике «Живая старина» в 1916 г. Как пишет Самойлович, их встреча и беседа с М.Шокаем состоялась в 1915 году в период его учебы в Санкт-Петербурге (1910-1914). Как талантливый ученик прославленных востоковедов П.Мелиоранского и В. Бартольда он участвовал в экспедициях по Туркестану, посетил Турцию (1900, 1911), Германию, Францию, Австро-Венгрию (1913). В это время А.Самойлович преподавал в Санкт-Петербургском университете тюрко-татарские языки.

С осени 1914 года, по ходатайству А.Н.Букейхана, Шокай исполнял обязанности секретаря мусульманской фракции Госдумы. В 1915 году Шокай помог А.Самойловичу в сборе казахских запретных слов для замужней женщины. Поскольку Мустафа хорошо знал казахские пословицы, то по просьбе Самойловича предоставил ему нужные материалы. Ученый опубликовал их в 1916 году в журнале «Живая старина» под названием «Из

казак-киргизских материалов М.Чокаева», – о шутивном заговоре от блох и три казахские скороговорки.

Впоследствии судьбы соавторов этнографической заметки разошлись: Шокай, основатель Туркестанской (Кокандской) автономии, эмигрировал в Европу, академик А.Н. Самойлович участник Первого Всесоюзного тюркологического съезда в Баку 1926 года, – стал жертвой репрессий 1938 года, одним из обвинений был «пантюркизм». Во время ареста он отдыхал в Кисловодске, следом пришла телеграмма: «Постановление 1937 г. октября месяца 2 дня гор. Кисловодск. Указанной телеграммой предложено находящегося в Кисловодске А.Н. Самойловича арестовать и спецконвоем направить в Третий отдел НКВД СССР г.Москву. Санкция на арест имеется».

Гюльнар МУКАНОВА,
к.и.н., доцент, кафедра изд. дела и дизайна

МОЯ БУДУЩАЯ ПРОФЕССИЯ



И в момент, когда нужно его мнение, он может дать его объективно и профессионально.

Мы видим, что эта специальность востребована и необходима для общества, перспективная и очень интересная профессия. Религиоведы нужны в СМИ, школах,

государственных учреждениях, центрах проведения экспертиз.

Д. УТЕБАЕВА,
PhD доктор,
Г. ҚҰЛТАЙҚЫЗЫ,
студент 4-го курса

На прошедшей Республиканской зимней психологической школе команда Центра «Психологических технологий и инноваций» кафедры общей и прикладной психологии КазНУ успешно справилась с реализацией передовых технологий и практико-ориентированного обучения. Преподаватели и докторанты, участвовавшие в мероприятии, проявили себя не только как авторы научных публикаций с ненулевым импакт-фактором, но и как креативщики в тренинговой деятельности.



ТЕРРИТОРИЯ ПСИХОЛОГИИ

Практическое обучение было основано на интеграции разных подходов мировой психологии, с учётом региональных ценностей и традиций. В процессе работы для участников, которые четвёртый год приезжают из разных городов Казахстана, была создана атмосфера доверительного общения и сотрудничества. Многие из них пришли узнать о новых психологических методах и

обменяться опытом, техниками и процедурами самоанализа и личностного роста.

Как отметили участники, «зимние и летние психологические школы-воистину праздники откровений, эмоций, радости и достижений. Многие переживают углубление в обширные просторы бессознательного, приходят к инсайтам и озарениям, разрешают свои наиболее проблемные, овладевают техниками

познания себя, других и стратегиями оказания помощи». Так, например, доцент Г.Мямишева сказала, что ей очень понравилась работа школы, которая прошла на высоком профессиональном уровне.

«В качестве преподавателей выступили мои ученики. Подобно восточному учителю я была горда и счастлива, что они превзошли и пошли дальше меня. Это высшая награда и радость

для любого учителя. За эти три дня я побывала на другой планете, в другом измерении и вернулась другой, обновленной себе».

Студентка одного из российских вузов отметила, что она была приятно удивлена, что казахстанские психологи Центра «Психологических технологий и инноваций» творят чудеса и теперь намерена равняться на школу психологов КазНУ. Гордость за психологов КазНУ им. аль-Фараби выразила также директор Центра «Оздоровления Биоплазмы человека» Т.А. Мауль.

Практически все отзывы касались прикладного аспекта психологии. В мае этого года состоится первая весенняя международная психологическая школа.

Ф. ТАШИМОВА,
д.п.н., директор Центра
«Психологических технологий и инноваций»,
А. РИЗУЛЛА,
докторант кафедры общей и
прикладной психологии

22 февраля состоится олимпиада среди студентов «Год молодёжи - начало новых возможностей» по дисциплинам «Физика» и «Высшая математика»

Театр-өмір айнасы

Метеорология және гидрология кафедрасының гидрология мамандығының 3-курс студенттері және топ эдвайзері А. Мусина **Ф. Мүсірепов атындағы балалар және жасөспірімдер театрында өткен «Телғара» атты қойылымын тамашалап қайтты. Ол қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған «Абай жолы» роман-эпопеясының «Қайтқанда» атты бастапқы тарауына негізделе отырып қойылған.**



Студенттердің көпшілігі бұл шығармамен таныс болғандықтан, негізгі тағлымдық идеясын түсіну қиынға соқпады. Қойылым алғашқы сәттерінен ақ таныс сюжетімен көрермендердің назарын баурап алды. Мұндағы болашақ ұлы ақын 13 жасар Абайдың Семей қаласындағы Ахмет Риза медресесінен оқудан қайтқан сәті, оның ауылына жеткендегі жақындарымен көрісіп, сағынышын басуы, сондай-ақ әкесінің шақыртуымен алғаш рет ел ағалары бас қосқан ортада өзін-өзі байсалды ұстауын актер шынайы сомдап шықты. Бала Абайдың әкесі Құнанбайдың қатыгездігін көріп, оны қабылдай алмай шошынған сәті көпшіліктің жүрегін қыжылтты. Оқиғаның одан әрі өрбуін көрерменнің көпшілігі білсе де, бұл жайт олардың қойылымнан қайталанбас әсер алуына кедергі бола алмады. Ал қойылымға негіз етіп алынған М. Әуезовтің ұлы романымен таныс емес көрермендердің оқиғаның жалғасын білу үшін аталған шығарманы оқуға деген құштарлықтары оянды деп сенімді түрде айтуға болады.

«Телғара» қойылымының көрермендерге жеткізгісі келген идеясы – әр нәрсенің ақ-қарасын ажыратпай жатып асығыс шешім қабылдамау, жақынына түсіністікпен қарау

және өзгенің қателігіне көз жеткізбей жатып жазаға қимау. Бұны қойылым барысында бала Абай Фирдоусидің қанатты сөзімен жеткізіп, әкесінің Қодарға шығарған үкімімен іштей келісе алмайды. Студенттер қойылым үшін «Абай жолының» бұл тарауының таңдап алынуының мәні – «көрермендерге бала Абайдың бойындағы асыл қасиеттердің жас шағынан бастап байқалғандығын және өмірге деген оң көзқарасының ерте қалыптасқандығын жеткізу» деп түйінделді. Қойылым соңында барлығы әдеби шығармалар негізіндегі қойылымдардың әрқашан әсерлі, берер өнегесі мол екендігіне тағы бір мәрте көз жеткізді.

3-курс студенттерінің театрға түрлі қойылымдарды тамашалауға баруы алғаш рет емес. Мұндай топтық іс-шаралардың өткізілуі студенттерді әдеби шығармалармен таныс болуға ұмтылдыруы және бойларында қазақ әдебиетіне, тарихына, салт-дәстүріне деген қызығушылықтарын арттырады анық.

Маржан ТҰРСЫНҒАЛИ,
метеорология және гидрология кафедрасының
гидрология мамандығының 3-курс студенті

ТАНЫМ КӨКЖИЕГІ

Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценттері **Р. Имаханбет, А. Асқаровалардың ұйытқы болуымен тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктеріне арналған әдеби-танымдық кездесу кеші өтті.**

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің ғылыми қызметкерлері, филология ғылымдарының докторлары Н.Ақыш пен Г. Орда келелі кездесудің құрметті қонағы болды. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенттері ғылыми-тәжірибелік, танымдық мәні зор кездесуге белсене атсалысты.

Әдеби-танымдық кездесу кешінің жүргізілуі тізгінін ұстаған факультетіміздің белсенді студенті Абылайхан Қуанышев аталмыш ішараның мақсаты мен өзектілігі жайында ақпарат беріп өтті. Еркін форматта өткізілген кездесуде студенттер көкейінде жүрген көптеген сұрақтарға қатысты мәліметтер алып, ой бөлісті. Ғалымдық пен жазушылықты қатар алып жүрген Нұрдуәлет Бәбіханұлы студенттерге жазушының, өнер адамының шығармашылық зертханасына қатысты қызықты ақпараттар берсе, әдебиеттанушы ғалым Гүлжахан Жұмабердіқызы көркем шығарманы талдаудың әдіс-тәсілдеріне байланысты теориялық тұжырымдарымен таныстырды. Сонымен қатар, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетіндегі шығармашылық тұлғалар, олардың туындыларындағы постмодернистік үрдістер, тілдік, көркемдік ерекшеліктерге қатысты сұрақтар қойған факультетіміздің белсенді студенттері

Е.Бердіғалиева, Ә.Мәлік, А.Ералтай, Қ.Әбдісәмет, Ж.Сүлейман, Ф.Мұстахимова, Б.Өтеген және т.б. студенттер бүгінгі әдебиеттегі бірқатар мәселелер төңірегінде тұщымды ақпарат ала алды.

Н.Бәбіханұлы мен Г.Жұмабердіқызы жаһандану үдерісінің тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетіне ықпалы мен әсері жайлы, ұлттық код пен ұлттық жад, ақын-жазушылар тіліндегі тұрақты тіркестердің /ділмәр сөз/ бұрмаланып қолданылу фактілері мен шығармаға қойылатын эстетикалық талаптар туралы айта келе, бұл кезең әдебиетінің кемшіліктері мен жетістіктерін нақтылап берді. Сұрақ-жауап түрінде өрбіген әдеби-танымдық кеште жас өнерпаз Абзал Жанабаев әсем әнімен көрермен көзайымына айналды.

Ішара соңында кафедра доценті Райхан Сахыбекқызы кеш қонақтарына кафедра ұжымы мен студенттер атынан алғыс білдіріп, кәдесый ретінде кітаптар ұсынды. Ал, жазушы Н. Ақыш өзінің «Рақымсыз көктем» атты кітабын болашақ Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқып жүрген студенттерге қолтаңбасымен тарту етті.

Бекет ӨТЕГЕН,
Қазақ әдебиеті және
әдебиет теориясы кафедрасының
3-курс студенті

Химия және химиялық технология факультеті, Физика-техника факультеті мен Ақпараттық технологиялар факультетінде бірлескен «Атамекен патриоттары» клубы бірнеше жылдан бері тәрбиелік мақсатқа сәйкес біршама жұмыстар атқарып келеді. Клубтың бастамасымен студенттер **Бекболат Тілеухан, Мұхтар Шаханов, Мұхамеджан Тазабеков, Ринат Заитов, Серік Қалиев, Айша Кеңесбай, Перзент балалар үйінің анасы Айша ханым, Ардақ Назаровтар секілді ұлтқа белгілі азаматтармен кездесулер өтті.**

Сәкен Майғазиевпен кездесу кеші

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Химия және химиялық технология факультетінің «Атамекен патриоттары» клубының жылдық жоспарына сәйкес «Жастар жылына» орай Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының шығармашылық жұмыс және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры, әнші, өнер қайраткері, аты аңызға айналған «МұзАрт» тобының мүшесі Сәкен Майғазиевпен кездесу өтті.

Кездесу барысында Сәкен Майғазиев өзінің өнерге алғаш қадам басқан сәттерімен, өнер жолының ауыр екенін, өнер адамының сезімтал жүрегі әртүрлі ауыртпашылықтарды көтере білу керектігін де жеткізді. Өзінің өнер жолымен қатар отбасын құрған кезеңдегі алғаш басталған сәтінде көрген қиыншылықтарымен бөлісіп, жарқын мақсатын болса әр қадамын ізгі болашаққа өзі жетелеп әкелетінін жастарға жеткізе білді. Жастардың көкейінде жүрген барлық сұрақтарға жауап беріп, жастарға арман-мақсат жолында ешқандай кедергіге

мойымай, тек қана еңбектеніңдер деп ынта-тілегін білдірді.

Кездесуді әнмен әрлеуге, өнердегі іні-шәкірттері «МұзАртLIFE» тобының жігіттері де келді.

Кездесудің соңында нағыз Рухани жаңғырудың көрінісі болды. Тәй-тәй басқан балалары бар жас отбасылар Сәкен Майғазиевтің келетінін естіп қазақтың көне дәстүрі бойынша балаларының тұсауын кесіп беруін сұрап, екі баланың тұсауы кесіліп, болашақ еліміздің ертені үшін қызмет етер тұлғалардай болсын деген тілек айтылды. Елімізге белгілі әнші, өнер қайраткері Сәкен Майғазиевпен кездесу осындай керемет нотада, таңғажайып әсерде аяқталды.

Кешті факультет деканы Хайдар Сүлейманұлы мен Ақпараттық технология факультетінің Атамекен патриоттары клубының жетекшісі Әбенов Болат қорытындылады.

Г. ЖАҚСЫЛЫҚОВА,
физикалық химия, катализ және мұнайхимия
кафедрасының доцент м.а.



«ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН» ӨТКЕН ДОДА

Университетіміздегі «Атамекен патриоттарының» қолдауымен студенттер арасындағы **тоғызқұмалақтан жарыс болып өтті.**



«Жастар» жылын қолдау мақсатында өткен жарысқа 80-нен астам студент қатысты. Олар өзара қыздар мен ұлдар арасында сынға түсіп, жүгенгі қағыстырды. Ағымдағы жылдың басты ерекшелігі назарға алынып жастар жылына барынша қолдау көрсету екендігін ескере отырып өткен жарыс университеттің спорт кешенінде өтті.

Бас төреші спорт кешенінің тоғызқұмалақ бөлімі бойынша аға оқытушысы Айнұр Молдахметова болды. Жарыс бойынша ұлдар арасында I орынды география және табиғатты пайдалану факультеті I курс студенті Наурызхан Шорабек, II орын ақпараттық технологиялар факультеті I курс студенті Досхан Басхан,

жүлделі III орындарды физика техникалық факультетінің студенті Алмат Құрмансейітов пен география және табиғатты пайдалану факультетінің студенті Серік Ералиев иеленді.

Ал қыздар арасында I орынды ақпараттық технологиялар факультетінің студенті Үміт Сакташова, II орынды химия және химиялық технологиялар факультетінің студенті Асем Абиева, III орындарды биология және биотехнология факультеті студенті Сымбат Жигитекова мен журналистика факультеті студенті Балерке Кеңесбай иеленді. Тартысқа толы ойыннан кейін дүлдүлдер мадақтама грамотасымен және Атамекен патриоттарының атынан тағайындалған сыйлықтармен марапатталды. Дәстүрге құрмет, ұлттық құндылықтарға қолдау көрсету шаралары осыдан әрі де өз жалғасын таппақ.

Нұржаным ДУМАНҚЫЗЫ,
журналистика факультетінің
3 курс студенті

Жалғасы. Басы 1-бетте

Сәлемдесу кезеңі PreFace негізінде командалар реттілік нөмірлері бойынша кештің көркін қыздырса, екінші кезең «Музыкалық үй тапсырмасы» арқылы жобаның мақсатына сай командалар тек әзілмен емес, өздерінің білімділіктерімен, логикалық ойлау қабілеттерімен көрермен қауымды өзіндік тың жаңалықтарымен тәнті етті. Командаларға өзінің әділ бағасын беріп, төрелік еткен әділқазылар қатарында «Bugin Group» компаниясының директоры Айбек Қуатбаев, тележүргізуші, белгілі журналист Гүлназ Ауданбаева, Қазақстан КВН одағы РЖКБ, «Алматы КВН» филиалының директоры Оңдасын Дінмұханбетұлы, актер, белгілі шоумен, «Жайдарман» ойындарының чемпионы Нұрсұлтан Жақсыген, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтік тәрбие жұмысы жөніндегі басқарма басшысы Талғат Болатұлы, «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ҚБ төрағасы Шұғыла Мейрамбекқызы болды.

Мега жобаның шымалдығын ашқан «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы мүшелерінің арнайы флэшмобынан бастап, кеш жүргізушісі Дәмір Мырзахметұлының көңілді жүзі мен сөзі, дайындықтарынан-ақ байқауға болатын чемпион болуға ұмтылған жобаға қатысушы командалардың өзіндік мақсаттары, образдары



Әзіл әлеміне қанат қаққандар



көрермен қауымның ықыласына бөлене, ұйымдастырушылардың жоба барысына асқан жауапкершілік танытқандарын айқындай түсті. Жартылай финалдық кезең нәтижесі бойынша, «Ең үздік креативті шақыру» номинациясын ақпараттық технологиялар және механика-математика факультеттерінің «Мамасының балалары» командасы еншіледі. Ал «Ең үздік жанкүйер» номинациясы ақпараттық технологиялар факультетіне бұйырды. Жартылай финалдық кезеңде жалпы балл көрсеткіштері бойынша озық нәтиже көрсеткен «Ақпен бірге», «Эверест», «Физтех», «Брэнд», «Музыканттың қойын дәптері» командалары «Smart student's project» чемпионатының гранд финалына жолдама алды. Жартылай финалда белсенділік танытқан «Әлем», «Мамасының балалары», «Мехмат», «Элита» командаларына демеушілердің, оның ішінде: «Жас сахна» театрының, «Дәм әуені» кондитерлік үйінің, «Крапива» боулинг орталығының арнайы сертификаттары және «Сұңқар» СММ кәсіподағының алғыс хаттары табыс етілді. Жалпы, «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының мега жобаларына «Bugin Group» компаниясы, «Dostyk Travel» компаниясы, «Step-by-step» тіл білімі орталығы, Алматы қалалық «Парасат» кәсіподағы тұрақты демеушілігін көрсетеді.

Сонымен қатар, «Сұңқар кубогы» Smart student's project чемпионатының жартылай финалдық кезеңінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ телерадио кешені түсірілім жұмыстарын жүргізіп, ақпараттық қолдау көрсетті. Креатив пен қызыққа, бәсекелі тартысқа толы болған жобаның жартылай финалдық кезеңіне келген көрермен қауым, арнайы қонақтар, ҚазҰУ оқытушы-профессорлар құрамы жоғары баға беріп, «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының алдағы ағымдық жұмыстарына сәттілік тіледі.

Нүрсәуле ИДАЯТ,
биология және биотехнология
факультетінің 3 курс студенті



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Тапсырыс: №256

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.